



БҰЙРЫҚ

03.05.2026 ж

Конаев қаласы

ПРИКАЗ

№ 27/4-м /ж

город Конаев

**Үкіметтік емес ұйымдар үшін
2026 жылға арналған
мемлекеттік гранттардың басым
бағыттарының тізбесін бекіту
туралы**

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2022 жылғы 26 қыркүйектегі № 406 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік гранттарды қалыптастыру, беру, мониторингілеу және олардың тиімділігін бағалау қағидаларының 9-тармағына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Үкіметтік емес ұйымдар үшін 2026 жылға арналған мемлекеттік гранттардың басым бағыттарының тізбесі (бұдан әрі - Тізбе) бекітілсін.

2. Алматы облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Тізбені басқарманың итернет ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Алматы облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы бұйрықтан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Алматы облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының басшысы М.Ахметовке жүктелсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Басқарма басшысы

М.Ахметов